



Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ

2024 жылғы маусым айына АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



Астана 2024 жыл.

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Маусым айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2024 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Маусым айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2024 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша маусым айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2024 жылдың маусым айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	12
Батыс Қазақстан облысы	13
Атырау облысы	14
Маңғыстау облысы	15
Ақтөбе облысы	16
Қостанай облысы	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы	19
Павлодар облысы	20
Ұлытау облысы	21
Қарағанды облысы	22
Абай облысы	23
Шығыс Қазақстан облысы	24
Қызылорда облысы	25
Түркістан облысы	26
Жамбыл облысы	27
Алматы облысы	28
Жетісу облысы	29

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ инженер-синоптигі:

А. Бейсенбаева, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник:

Г. Масалимова, тел. (7172) 79-83-95

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Маусым айында күннің жарық уақыты ұзаққа созылады. Маусымда республикамыздың барлық аумақтарында жаздық ауа райы басталады. Солтүстік Қазақстанда Азор антициклонының әсерінен орташа ауа қысымы жоғарылады, ал республикамыздың оңтүстік аудандарында төменгі қысым аймағы басым болады.

Мамырдан маусымға қарай ауаның орташа айлық температурасы $+5+6^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+3+4^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды және республиканың солтүстігінде $+17+18^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстігіне қарай $+25+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болады. Бедердің ықпалынан оңтүстік-шығыс пен шығыстағы таулы аудандарда жоғарылаған сайын ауаның температурасы теңіз деңгейімен 1000-1500 м биіктікте $+11+15^{\circ}\text{C}$ -тан 3000 м биіктікте 5°C -қа дейін төмендейді.

Маусым айында ауаның орташа айлық температурасы тұрақтылығымен ерекшеленеді және оның мөлшерден ауытқуы $5-7^{\circ}\text{C}$ -тан аспайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы мамыр айымен салыстырғанда жоғарылау қарқындылығы азая бастайды, бір тәулікте орта есеппен алғанда $0,1^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды. Ауаның орташа тәуліктік температурасының 20°C арқылы тұрақты өтуі республиканың көптеген бөлігінде маусым айында басталады, тек қиыр оңтүстікте мамырда, қиыр солтүстікте - шілденің бірінші онкүндігінде байқалады.

Маусым айына ауаның жоғары тәуліктік ауытқуы тән. Қазақстанның оңтүстік аудандарында ол $+17+19^{\circ}\text{C}$, солтүстік облыстарында $+13+15^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарында $+10^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды.

Ауаның жоғары орташа тәуліктік температурасына қарамастан, маусым айында әлі де болса 5°C -қа дейін үсік болуы мүмкін. Ең кеш үсік мамыр айының үшінші онкүндігінде солтүстік облыстарда және орташа таулы аймақтарда 10 жылда 1-2 рет байқалуы мүмкін.

Қазақстанның солтүстік жартысында суық ұзаққа (7-8 күн) созылып, ең төменгі температура $+1+6^{\circ}\text{C}$, ал ең суық жылдары $-1-5^{\circ}\text{C}$, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының кей жерлерінде -7°C -қа дейін төмендейді. Республиканың оңтүстігінде әдетте суық күндер ұзақтығы аздау (1-2 күн) болып, ең төмен температура $+6+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Абсолюттік максимум республиканың солтүстік бөлігінде $+37+42^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+43+47^{\circ}\text{C}$ -қа жеткен.

Маусым айына жауын-шашын солтүстік облыстарда көбірек, оңтүстікте аздау жаууы тән. Жауын-шашынның айлық мөлшері республиканың солтүстік жартысында, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 23-50 мм, кей аудандарында 51-81 мм, ал шығыс пен оңтүстік-шығыстың тауларында 87-200 мм және одан көп, қалған жерлерде 6-22 мм жаууы мүмкін.

Маусым айында жаңбыр көбінесе нөсер түрінде жауады. Жауын-шашынның ең көп мөлшері тәулік ішінде Қазақстанның солтүстік бөлігінде

60-95 мм, оңтүстігінде 35-70 мм, тау бөктерлері мен таулы аудандарда 71-151 мм болады. Республиканың таулы және солтүстік аудандарында 10-15 жылда 1 рет қар жаууы мүмкін.

Құрғақшылық жылдар (1 айда жауған жауын-шашынның мөлшері 10 мм дейін) солтүстік облыстарда 10 жылда 1 рет, ал оңтүстіктегі жазық аудандарда жауынның болмауы 3 жылда 1 рет қана байқалуы мүмкін. Құрғақшылық Қазақстанның батыс және оңтүстік облыстарында өте жиі болады.

Аумақтың көп бөлігінде шаңды дауыл саны орта есеппен айына 1-ден 9-ға дейін, кейбір құрғақ жылдары 15-тен 20 күнге дейін ауытқиды. Шаңды дауыл көбіне Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, Атырау облысының солтүстігінде, Ақтөбе облысының батысында, сонымен қатар ұсақ шоқының солтүстігі мен Ертіс маңындағы ойпанда жиі байқалады.

Желдің орташа жылдамдығы Қазақстанның көптеген облыстарында 4-тен 6 м/с-қа дейін жетеді. Қарқынды циклондық әрекет кезінде Қазақстанда желдің ең жоғары күші 24-34 м/с (10 жылда 1-2 рет) дейін жететін дауыл болуы мүмкін. Кей жылдары Іле өзенінің алқабында (Шелек стансасы) желдің ең жоғарғы күші 40 м/с-қа дейін жететін дауыл байқалуы мүмкін.

Маусым айында найзағай күркіреуі күшейеді. Қазақстанның тау бөктерлі және таулы аудандарында, сонымен қатар еліміздің солтүстік облыстарында күн орта есеппен 5-9, кейбір жылдары одан екі есе көп күркіреді. Шөлді аудандарда ол сирек, орта есеппен 1-2, ең көп дегенде 5-6 күн болады. Күн күркіреуінің орташа ұзақтығы Қазақстан аумағы бойынша 1-2,5 сағатқа созылуы мүмкін.

Бұршақ - сирек құбылыс: оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың шөлді аудандарында 10 жылда 1-2 рет байқалады. Солтүстік облыстарда 10 жылда 5-7-ден көп, ал тауларда айдың ішінде 3 күндей жауады. Бұршақтың диаметрі кейбір жылдары (10-15 жылда 1 рет) 30 мм-ге, қиыр оңтүстік-шығыста 70 мм дейін жетеді.


Маусым айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+20,5...+23,9	17...39
Атырау облысы	+23,6...+25,5	13...28
Маңғыстау облысы	+23,5...+27,4	8...20
Ақтөбе облысы	+18,9...+24,7	11...32
Қостанай облысы	+18,3...+23,0	12...55
Солтүстік Қазақстан облысы	+17,7...+19,0	37...49
Ақмола облысы	+17,2...+20,1	24...50
Астана қаласы	+19,6	40
Павлодар облысы	+18,8...+20,3	34...48
Ұлытау облысы	+20,1...+24,4	7...27
Қарағанды облысы	+17,6...+23,4	13...43
Абай облысы	+17,6...+22,9	17...42
Шығыс Қазақстан облысы	+12,7...+21,8	20...78
Қызылорда облысы	+25,4...+27,4	4...12
Түркістан облысы	+15,0...+27,9	4...53
Шымкент қаласы	24,4	24
Жамбыл облысы	+19,7...+25,4	8...41
Алматы облысы	+6,5...+24,5	10...155
Алматы қаласы	22,1	59
Жетісу облысы	+16,2...+23,9	11...83


2024 жылғы маусым айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Маусым айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жетісу облыстарында, Түркістан, Жамбыл, Абай облыстарында басым бөлігінде, Қарағанды облысының қиыр оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде.

2024 жылдың маусым айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Маусым айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)




2024 жылдың маусым айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Маусым айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік-батысында *нормадан аз* болжанады.

2024 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



2024 жылғы маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы







Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде $+20+25^{\circ}\text{C}$, еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде $+26+30^{\circ}\text{C}$, республиканың қиыр шығысында және оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында $+13+19^{\circ}\text{C}$ дейін күтіледі.

2024 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




2006 жылға ұқсас


Облыстар бойынша маусым айына ауа райы кестесі




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|-------------------------|--|--------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | жауын |
| | қар аралас жаңбыр | | жаңбыр | | |
| | күпталы нөсерлі | | Кей жерлерде | | |
| | нөсерлі жаңбыр | | жылдиз 15-20 м/с күшпен | | |
| | шашын жауыл | | С | | ЮВ |
| | қоқ тайпақ | | СВ | | З |
| | тұрақ | | ЮЗ | | ЮЗ |
| | бұрқасын | | З | | З |
| | негізгі орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | С | | ЮЗ |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | СВ | | З |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | ЮЗ | | З |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы маусым айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+22,8+26,2^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+20,5+23,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+17^{\circ}\text{C}$ $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасы түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-батысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстік-шығыс жартысында норма шамасында күтіледі (норма: 17-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте болжанады. Дауыл, бұршақ үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+25,9+27,8^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+23,6+25,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+20^{\circ}\text{C}$, $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+24^{\circ}\text{C}$, $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтілуде (норма: 13-28 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Айдың соңында дауыл болады деп болжануда. Жел 15-20 м/с екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+25,8+29,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+23,5+27,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+28^{\circ}\text{C}$, $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+37+42^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында күндіз $+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 8-20 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндікте болжанады.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+21+26,8^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан $1-2^{\circ}\text{C}$ жоғары. (норма: $+18,9+24,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$, $+36+41^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+41^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормашамасында, облыстың оңтүстістік-батысында нормадан аз күтілуде (норма: 11-32 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндікте күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында және үшінші онкүндікте болжануда.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,9+24,6^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 1°C жоғары (норма: $+18,3+23,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+20^{\circ}\text{C}$, $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды деп күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 12-55 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, ортасында және соңында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндікте күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,2+20,5^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+17,7+19,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температураның түнде $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температураның төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 37-49 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің басында және ортасында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,7+21,6^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары. (норма: $+17,2+20,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+13^{\circ}\text{C}$, $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+22^{\circ}\text{C}$, $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында түнде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температураның төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында болуы күтіледі. (норма: 24-50 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Айдың басында дауыл болады деп күтілуде. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, жиі екінші онкүндікте болады деп болжануда. Тұман айдың соңында болуы мүмкін.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+20,1+21,6^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары. (норма: $+18,8+20,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+36+41^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 34-48 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел $15-20$ м/с ай ішінде жиі күтіледі. Бұршақ екінші онкүндіктің басында болжануда.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+21,6+25,5^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары. (норма: $+20,1+24,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болжанады. (норма: 7-27 мм)

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі бір ай ішінде күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,9+24,4^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары. (норма: $+17,6+23,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$, $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-батысында түнде $+23^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-шығыста $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+13^{\circ}\text{C}$, $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-батыста $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-батысында $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында. (норма: 13-43 мм)

Өткінші жаңбыр, найзағай бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында, жиі үшінші онкүндікте болжануда.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,8+23,8^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың солтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында*. (норма: $+17,6+22,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+13^{\circ}\text{C}$, $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстік-батыста $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде *түнде* $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-шығысында $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 17-42 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында болжануда. Шаңды дауыл бірінші, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болжануда.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,2+22,3^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында. (норма: $+12,7+21,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан, таулы аудандарда $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+25^{\circ}\text{C}+30^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 20-78 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Дауыл бірінші онкүндіктің басында болады деп күтілуде. Шаңды дауыл айдың ортасында болжануда. Жел $15-20\text{ м/с}$ бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+26,9+28,9^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары. (норма: $+25,4+27,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+38+43^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды деп күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+38+43^{\circ}\text{C}$ -тан $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+35+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстік жартысында және оңтүстік-шығысында норма шамасында күтіледі (норма: 4-12 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,5+28,4^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары*. (норма: $+15,0+27,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан $+35+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+35+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 4-53 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жел $15-20$ м/с жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында болжанады.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+20,2+25,9^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың қиыр солтүстік-батыста *нормадан 1° жоғары*. (норма: $+19,7+25,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-батысында $+19^{\circ}\text{C}$, $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -ден $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында $+32^{\circ}\text{C}$ -тан ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстікте $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $18+23^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+32^{\circ}\text{C}$, $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 8-41 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші, екінші онкүндіктің ортасында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Жел $15-20\text{ м/с}$ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болжануда.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+7+24,6^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $+6,5+24,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарда үсік 2°C , күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температураның жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында $+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы аудандарда $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан, орталықта $+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың таулы аудандарында $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 10-155 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл айдың басында болжанады. Дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндікте болуы мүмкін. Бұршақ айдың ортасында.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+16,0+24,3^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында. (норма: $+16,2+23,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыс орталығында $+18^{\circ}\text{C}$, $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыс орталығында $+27^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+33+38^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстік-шығыста $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$, $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+33+38^{\circ}\text{C}$ -тан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -тан ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 11-83 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел $15-20$ м/с жиі бір ай ішінде күтіледі. Шаңды дауыл айдың басында күтіледі. Дауыл, бұршақ үшінші онкүндіктің басында болжануда. Тұман бірінші және екінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz